

# БІЛІМ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР — ЕЛ КЕЛЕШЕГІНІҢ КЕПІЛІ

**Бүгінгі жаһандану дәуірінде қоғамда көзге көріне бермесе де, келтіретін кедергісі мол күрделі өзгерістер орын алып отыр. Ал, бұл жағдай жер бетін мекен еткен адамзаттың рухани дағдарысқа түсуіне әкелетіні анық.**

Мұндайда Мұхтар Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе — білім» деген аталы сөзін өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, ел болашағы үшін ғылым-білімге үндеген абзал. Сонымен қатар, жаһандануда жұтылып кетпеу үшін ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген өсиетін де естен шығармағанымыз жөн.

Мемлекеттілігіміз мәңгі болсын десек, өскелең ұрпақты білімді әрі тәрбиелі, ұлттық рухынан ажырамаған, ұлтжанды етіп тәрбиелеуіміз қажет. Жасандылық, жеңіл олжа іздеу, бір-бірін сыйламау, трайбализм, өңірге бөлініп, тамыр-таныстыққа жүгіну, әділетсіздік — қоғам дамуына кедергі келтіретін әрекеттер. Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы — ұлттың ұлттық кодынан, шыққан тегінен ажырамай, рухани тұр-

ғыда дамуға, ғылым-білімге бет бұруға үндеген бірден-бір құжат. Яғни, технологияның қарыштап дамыған дәуірінде бар мүмкіндікті ұлттық кодыңнан, тамырыңнан ажырамауға, елдігіңді нығайтып, тәуелсіздігіңді сақтауға бағыттау керек. Ал, қоғамдағы бар мүмкіндік пен жаңалықты енжарлықпен қабылдап, тек жаныңның рахаты үшін ғана үйреніп, уақыт пен білімді тиімді пайдаланбасақ, «жарқын болашақ алда» деп өзіңді алдағанымен соңы қараңғылыққа жетелейді. Әркім өміріне, қоғамға жауапкершілік танытып, алға қойған мақсатына жету үшін ізденіп, тер төккенде ғана армандар орындалады.

Кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлап, олардың бар потенциалын мемлекеттің дамуына жұмылдыру арқылы жарқын болашаққа нық қадам басамыз. Мемлекеттік қызметке жас болса да, бас бола алатын білікті мамандарды көбі-

рек тарту қажет. Бізге ерекше дарынды, көшбасшылық қасиеті бар, басқарушылық ойлаудың жаңа парадигмасы бар, заманауи технология мен стратегияларды пайдаланатын, халыққа етене жақын мемлекеттік менеджерлер қажет. Прагматизм, білімге талпыну, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық сананың ашықтығы секілді біздің қоғамның жаңа құндылықтары өткеннің дағдыларынан арылуға бағытталған имунитетке айналуы тиіс.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың бірден бір жолы — әрбір адамның рухани білімін шыңдауы, әрқашанда отанға деген патриоттық сезімнің болуы. Әр қазақ ел келешегіне жаңа көзқараспен қарай отырып, рухани байлықтарымызды дәріптеп, қазақ елінің жаңғыруына өз үлестерін қосуы тиіс. Бұл жаңа Қазақстанның жарқын келешегіне бастайды.

**Р.СПАБЕКОВА,  
Г.СЕРІКБАЕВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
оқытушылары,**

**А.АБДРАМАНОВА,  
ЕП-21-3К2 тобының  
студенті**